**Қорғалжын ауылының Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылының мектептегі психологиялық қызметінің жылдық жұмыстары бойынша талдау есебі**

**Психологиялық қызметтің мақсаты:**

Орта білім беруді ұйымында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал туғызу, білім беру процесіне оқушыларға психологиялық қолдау көрсету және оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау.

**Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:**

1) оқушылардың тұлғалық және интеллектуалды дамуына, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға көмектесу;
2) оқушылардың жылдам дамып келе жатқан ақпараттық қоғамда олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
3) әрбір оқушы жеке тұлға болуына психологиялық -педагогикалық зерттеу негізіндеықпал ету;
4) оқушылармен психологиялық диагностика жұмыстарын жүргізу және шығармашылық әлеуетін дамыту;
5) оқушылардың психологиялық қиындықтары мен мәселелерін шешу үшін психокоррекциялық жұмыстарды жүзеге асыру;
6) психологиялық мәселелерді шешуде оқу -тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата -аналармен (заңды өкілдерге) мұғалімдерге кеңес беру;
7) білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық -педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

**Диагностикалық бағыт:** Оқыту мен тәрбиелеудегі проблемаларды анықтау мақсатында тұлғанын қасиеттерін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан зерттеу.

**Психопрофилактика.** Қоғамдық қауіпті құбылыстар мен аурулардың алдын алу шараларын жоспарлау, білім алушылардың әлеуметтік – психологиялық жат қылықтарының алдын алу.

**Психологиялық кеңес беру.** Білім беру мен оқытуды дамытуға өтініш білдірген ересектер мен балаларға жағдайды шешуге көмек көрсету.

**Психологиялық түзету.** Жеке тұлғаны қалыптастыру үдерісіне қиындықтар, мәселелер, белсенді әсер етушілермен жұмыс. Психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуды болдырмау.

**Психологиялық –педагогикалық ағарту.** Психологиялық мәдениетті көтеру, психологиялық қызметке сұранысты қалыптастыру және проблемалар туралы ақпарат беру. Психологиялық қызметтің нормативтік құқықтық актілері бар. Қорғалжын ауылының Ақтан Төлеубаев атындағы ЖОББ мектебі бойынша ПМПК тізімінде тұрған оқушылар саны:21. Әр оқу жылында мектебіміздің психологиялық қызмет жұмысының жоспарлары құрылып, мектеп директорымен бекітіледі:

Осы мақсаттар мен міндеттерді орындау барысында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

**2023-2024 оқу жылы**

Оқу жылының басынан 0-11 сынып оқушыларының әлеуметтік жағдайы анықталды. Ата-аналармен түсіндірмелі жұмыстар жүргізіліп келісім шартқа қол қойылды. «Мектепке бейімделу» – психологияда бұл термин баланың ойлауы мен іс әрекеті оның мектеп ортасына үйлесімді «сәйкестенуіне» мүмкіндік беретіндей өзгеруі деп түсіндіріледі, яғни: Мектепке оқуға бару бала өмірінде көп өзгерістер әкеледі. Баланы мектеп өміріне енгізу, толыққанды оқу әрекетін қалыптастыру. Бейімделуге ең көп уақыт: екі тоқсан беріледі. Әдетте оларға бір тоқсан да жетеді, бір жарым ай.

**Мақсаты:**1-сынып оқушыларының мектепте оқуға дайындығын және ұсақ қол моторикасының қалыптасқанын«Керн-Йерасек» әдістемесі арқылы анықтау.

**Өткізілген уақыты:**14.09–1«а»сынып, 15.09 –1«ә» сыныптарынан алынды. 1 «А» -15 оқушы, 1 «Ә»-14 оқушы қатысты.

Сауалнама қорытындысының талдауы

| сынып | Жоғары «1-6»балл | Орта «7-9»балл | Төмен «10-15» балл |
|---|---|---|---|
| 1 «а» класс | 8 | 7 | - |
| 1 «ә»класс | 5 | 9 | - |

Пайыз деңгейі шығарылып, кестеге жазылды:

| сынып | Жоғары «1-6»балл | Орта «7-9»балл | Төмен «10-15» балл |
|---|---|---|---|
| 1 «а» класс | 56,6% | 46,6% | - |
| 1 «ә»класс | 35,7% | 64,2% | - |

Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың таным процестері зерттелді. Нәтижесінде оқушылардың мектепке дайындық деңгейлері анықталып, танымдық қасиеттерінің қалыпты дамығандығы анықталды.

**«Суретте не жетіспейді?»** атты суреттік тест анықтамасы

**Нұсқау:**бұл әдістемеде оқушыға бірнеше суреттердің жиынтығы ұсынылады.Әр сурет бейнесінде бір маңызды бөлшек жетіспейді.Оқушы осы жетіспеген бөлшекті тез арада анықтап суретті аяқтап салуы керек.

**Мақсаты:** баланың түр-түс арқылы көңіл-күйін және қабылдау деңгейін анықтау.

**Өткізілген күні:** 22.09.2023 жыл 1-сыныптар

| сынып | Жоғары «1-6»балл | % | Орта «7-9»балл | % | Төмен «10-15» балл | % |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 «а» класс | 10 | 66,6% | 4 | 26,6% | 1 | 6,6% |
| 1 «ә»класс | 7 | 50% | 5 | 35,7% | 2 | 14,2% |

**«Қисынсыздарды тап» атты суреттік әдістемесінің анықтамасы**

**Мақсаты:** Баланың байқағыштығын, логикалық ойлауын және өз ойын грамматикалық дұрыс құра білу іскерлігін дамыту.

**Нұсқау:** суретті мұқият қарап ал, қисынсыздықтарды тап.

**Өткізілген күні:** 27.09.2023 жыл 1-сыныптар

| сынып | Өте жақсы «9-10» балл | % | Жақсы «7-8»балл | % | Орташа «5-6»балл | % | Ортадан төмен «3-4» балл | % | Төмен «1-2»балл | % |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1«а»кл | 5 | 33,3% | 8 | 53,3% | 2 | 13,3% | - | - | - | - |
| 1«ә»кл | 2 | 14,2% | 3 | 21,4% | 5 | 35,7% | 3 | 21,4% | 1 | 7,1% |

1 сынып оқушыларының арналған «Қисынсыздарды тап» атты суреттік әдістемесінің салыстырмалы диаграммасы.

**4 сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу әдістемелері**

**«Кілемшені қалай жамауға болады?» әдістемесінің анықтамасы**

**Мақсаты:** Көрнекі бейнелі ойлауды дамыту

**Нұсқау:** «Матаның бірнеше құрақтарын кілемше суретіне көбірек сәйкес келетін бөлікті тауып, орнына орналастыр.

Зерттелуші: 4 «а» сынып, барлық оқушы саны-20, қатысқаны-20.

| сынып | Жоғары «4»балл | Орта «3»балл | Төмен «1-2» балл |
|---|---|---|---|
| 4 «а» класс | 16 | 4 | - |
| % | 80% | 20% | - |

«Кілемшені қалай жамауға болады?» атты суреттік әдістемесінің салыстырмалы диаграммасы.

**«Ағаш» әдістемесі**

5-11сынып оқушыларынан «Ағаш» әдістемесібойынша жұмыстар жүргізілді.

**Мақсаты:** Оқушылардың озін-өзі бағалауын анықтау.

Нұсқаулық: оқушыларға дайын кескін бейнесі бар парақтар ұсынылады: ағаш және ағаштың маңайындағы көптеген адамдар. (ағашқа қарандаршы, ағаштың астында,үстінде көптеген адамдар тұр. Әрқайсысының көңіл-күйі әр түрлі, әрқайсысы ір түрлі әдіспен айналысып тұр. Қызыл түсті қарандаш

алып, саған ұқсайтын сонымен бірге мектептегі сенің көңіл-күйің, жағдайыңа ұсайтынын белгіле. Ағашта қанша жоғары орналасқан сайын, мектепте сонша жетістікке жеткен және сәтті болуы мүмкін.)

**Қорытынды:** 1,3,6,7сандарын таңдағандар:кедергілерді жеңуге арналған қорғанысты сипаттайды.

2,19,11,12сандарын таңдағандар: достық қарым-қатынасты сипаттайды.

4 санын таңдағандар: жағдайдың тұрақтылығы қиындықтарды жеңе алмай, табысқа жетуді талап етеді.

5 санын таңдағандар: шаршау, жалпы әлсіздік, қуат қорының аз болуы.....

9 санын таңдағандар: көңіл-көтеруге ұмтылыс.

13, 21 санын таңдағандар: оқшаулану, қорқыныш.

8 санын таңдағандар: оқу үрдісінен оқшауланып, өзіне күтім жасау.

10, 15 санын таңдағандар: жайлы күй, қалыпты бейімделу.

14 санын таңдағандар: дағдарысты күй, құз шыңырау.

20 санын таңдағандар: өз-өзін жоғары бағалайтын және көшбасшылыққа ұмтылатын оқушылар жиі таңдайды.

Айта кету керек, 16 санын таңдаған оқушы әр қашан өзінің 17 санындағы адамды не үшін көтеріп жүргенін түсінбейді, ол 17санындағы адам өзіне қолдау көрсетіп, жақсылық жасап жүр деп ойлайды.

Осылайша, оқушылардың ұстанымы қолайлы болып саналады, дағдарыс жағдайлары анықталмады.

**Ұсыныс:**

1. Сынып жетекшілеріне сыныпта топты біріктіру, сондай-ақ қолайлы психологиялық ахуал тудыру мақсатында бірлескен іс-шаралар өткізу.
2. Мінез құлқында ауытқушылық байқалған оқушылармен әңгімелесу өткізіп, қажет жағдайда түзету тобына қосу, жауапкершілік мектеп педагог-психологы Г.Ахметоваға жүктелсін.

Сонымен қатар 1, 5 сынып оқушыларының жоғары буынға ауысуы кезіндегі бейімделуін анықтау мақсатында арнайы бағдарлама бойынша жұмыстар атқарылды. Филлипс тесті, өзін – өзі бағалау, түзету жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде 1, 5 сынып оқушыларының жоғары сыныпқа бейімделулері жақсы және оңай болды. Сондай ақ мына әдістемелер қолданылды: Оқу мотивациясы мен мектепке көзқарасын анықтау сауалнама , Социометрия, Пәндерге көзқарастарын анықтау. Психодиагностикалық жұмыстар - әрбір жас кезеңдеріндегі оқушылардың өзіндік психикалық үрдістерінің даму ерекшеліктерін түрлі зерттеу әдістері мен зерттеу әдістемелерін қолдана отырып анықталды.

5 сыныптарды бейімделу кезеңдерінде сабаққа қатысып, **Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау** мақсатында, оқушылардан сауалнама алынды.

Оқушылардың жаңа жағдайға үйренуі, жаңа мұғалімдер, жаңа пәндерін өзгерістерін байқап, тез бейімделуне ықпал ету. Жүргізілген зерттеулер оқушының мектепке бейімделуінің үш деңгейін бөліп көрсетеді. Бұл тест бойынша жүргізілген зерттеу нәтижесі балалардың оқу мотивациясы үш деңгейдеде көрініс бергені анықталды. Қорытындылап айтқанда жоғары деңгейде - 10, орта деңгейде - 17, төмен деңгейде - 3 оқушының көрсеткіштері сай болды.

5«а» сынып оқушыларынан алынған **«Бейімделу кезеңі»** сауалнамасы.

**Мақсаты:** 5 сынып оқушыларының орта буынға өтудегі кездесетін қиындықтарын, пән мұғалімдерімен қарым-қатынасын,психо-физиологиялық құбылыс үрей, қорқыныш дәрежесін анықтау.

5 «а» сыныбынан «Бейімделу кезеңі»сауалнамасы18.09.2023ж.алынды.

Сыныпта барлығы 16 оқушы сауалнама сұрақтарына жауап берді.

13 оқушы өзімнің күн тәртібім ұнайды деп , 2 оқушы әрқалай , жоқ деп 1 оқушы жауап берді.

Сен үшін қандай пәндер қиын тиеді деген сұраққа:

| сынып | математика | ағылшын | Орыс тілі | ешқандай |
|---|---|---|---|---|
| 5 «а» класс | 4 | 4 | - | 8 |

Қосымша сабақтарға қатысамын деп 3 оқушы , жоқ деп 13 оқушы жауап берді.Үлкендермен , құрдастарыңмен қарым-қатынасыңа ризасың ба деген сұраққа иә деп 16 оқушы жауап берді, ал құрдастарыммен онша емес деп 0 оқушы жауап берді.Сыныпта сен өзіңді қай рольде сезінесің деген сұраққа ақылды бала ретінде деп 11 оқушы, басқарушы ретінде деп 1 оқушы, білмеймін деп 0 оқушы, жақсы адам деп 2 оқушы, өз қалпымда деп 1 оқушы, жақсы дос деп 1 оқушы жауап берді.

5«ә» сынып оқушыларынан алынған **«Бейімделу кезеңі»** сауалнамасы.

**Мақсаты:** 5 сынып оқушыларының орта буынға өтудегі кездесетін қиындықтарын, пән мұғалімдерімен қарым-қатынасын,психо-физиологиялық құбылыс үрей, қорқыныш дәрежесін анықтау.

5 «а» сыныбынан «Бейімделу кезеңі»сауалнамасы19.09.2023ж.алынды.

Сыныпта барлығы 15 оқушы сауалнама сұрақтарына жауап берді.

12 оқушы өзімнің күн тәртібім ұнайды деп , 2 оқушы әрқалай , жоқ деп 1 оқушы жауап берді.

Сен үшін қандай пәндер қиын тиеді деген сұраққа:

| сынып | математика | ағылшын | Дүниежүз.тарих | Орыс тілі | ешқандай |
|---|---|---|---|---|---|
| 5 «а» класс | 3 | 2 | 2 | 3 | 5 |

Сабақта жиі шаршайсың ба деген сұраққа иә деп – 0 оқушы , жоқ деп -15 оқушы белгіледі. Олар:Қосымша сабақтарға қатысамын деп 0 оқушы , жоқ деп 15 оқушы жауап берді.Үлкендермен,құрдастарыңмен қарым-қатынасына

ризасың ба деген сұраққа иә деп 15 оқушы жауап берді. Жоқ үлкендермен қарым-қатынасым нашар деп 0 оқушы жауап берді.

Сынып жетекшілерінің аты-жөнін барлығы біледі.

Сыныпта сен өзіңді қай рольде сезінесің деген сұраққа ақылды бала ретінде деп 10 оқушы, басқарушы ретінде деп 1 оқушы, білмеймін деп 0 оқушы, жақсы адам деп 4 оқушы жауап берді.

5-6 сынып оқушылар арасында **«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?** »атты сауалнама алынды.

**Мақсаты:** ашушаңдықтың қандай түрі барын анықтау. Сауалнамаға 51 оқушы қатысып, нәтижесі төмендегідей:

39 (76.4 %) оқушыда агрессияның жоғары деңгейі анықталған жоқ,12(23,5 %) оқушыда агрессияның негативизм түрі анықталды. Жеке әңгімелесулер жүргізілді, өзін-өзі дұрыс бағалауға, өз-өзін қалай басқаруға кеңестер берілді.

5 «а» сынып Филлипстің мектептегі қобалжуды анықтау сауалнамасының қорытындысы

**Қатысқандар:** барлығы – 14.

Филлипстің «Оқушылардың мектепте мазасыздануының сипатын зерттеу» тестінің нәтижесі бойынша Мектепішілік жалпы мазасыздануы-36%, Әлеуметтік стресстік жағдайда болуы 7%, Табысты болу қажеттілік фрустрациясы -0%, Баланың білімін тексеру мен бағалау жағдайынан қорқу - 7 %, Баланың өзін-өзі байқауы және бағалауы -29%, Айналасындағы адамдардың баладан үміт етуін ақтай алмаудан қорқу -14%, Стресске психо-физиялогиялық қарсы тұруының төмен болуы -0%, Мұғалімдермен қарым-қатынас жасауға қорқатынымен байланысты проблемалары -14% көрсеткіштерін көрсетті.

5 «а» сынып оқушыларына арналған Филлипстің мектептегі қобалжуын анықтау сауалнамасының мониторингі.

5 «ә» сынып Филлипстің мектептегі қобалжуды анықтау сауалнамасының қорытындысы

**Қатысқандар:** барлығы – 14.

Филлипстің «Оқушылардың мектепте мазасыздануының сипатын зерттеу» тестінің нәтижесі бойынша Мектепішілік жалпы мазасыздануы-21%, Әлеуметтік стресстік жағдайда болуы 0%, Табысты болу қажеттілік фрустрациясы -0%, Баланың білімін тексеру мен бағалау жағдайынан қорқу - 29 %, Баланың өзін-өзі байқауы және бағалауы -21%, Айналасындағы адамдардың баладан үміт етуін ақтай алмаудан қорқу -14%, Стресске психо-физиялогиялық қарсы тұруының төмен болуы -7%, Мұғалімдермен қарым-қатынас жасауға қорқатынымен байланысты проблемалары -7% көрсеткіштерін көрсетті.

5 «ә» сынып оқушыларына арналған Филлипстің мектептегі қобалжуын анықтау сауалнамасының мониторингі.
5 сынып оқушыларының адаптациясын анықтау мақсатында, **"Біз бесінші сыныпқа барамыз"** тақырыбында коррекциялық сабақ
өткізілді.
**Сабақтың мақсаты:** 5-ші сынып оқушылардың өз-өздерін тануға, сезімі мен қабілетін түсінуге көмектесу, оқушылар арасында үрей, қорқыныш сезімдерін анықтап психологиялық дайындық орнату. Әрбір оқушы өзінің қасындағы көршісіне бүгінгі сабақта қандай жетістіктерге жеткенін және қандай көңіл күйде болғанын айтып шықты.
**Қорытынды:** Зерттеу қорытындысы бойынша 5 сыныптың бейімделу деңгейі оқушылардың сыныптағы ахуал, мұғалімдерге және пәндерге деген көзқарасы жақсы. Таным процестерінің даму деңгейі орташа, сынып арасындағы қарым-қатынаста шектелген оқушылар анықталмады. Оқушылармен жеке кеңес жұмыстар жүргізілді. Сыныптар арасында топтық жаттығулар өткізілді.

**11 – сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстар сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу әдістемелерінің анықтамасы «Мюнстербег» әдістемесі**
**Мақсаты:** Оқушылардың зейінін анықтау
**Жүргізілу барысы**: Мюнстербег әдісі бойынша сөйлемдерді табу.
Зерттелуші: 11 сынып, барлық оқушы саны-13, қатысқаны-11.

| сынып | Жоғары «10-8»балл | Орта «7-5»балл | Төмен «4-1» балл |
|---|---|---|---|
| 11 «а» класс | 6 | 4 | 1 |
| % | 54,5% | 36,3% | 9% |

11сынып оқушыларының таным процестерін зерттеу әдістемесінің қорытынды мониторингі

**Оқушылардың есте сақтау қабілетін анықтау әдістемесінің анықтамасы**
**Мақсаты:** Оқушының ойлау деңгейін анықтау.
**Жүргізілу барысы:** суреттерге мұқият қарап есіңе сақта, мен суретті алып тастаймын,ал сіздер естеріңізде қалған сөздерді параққа жазасыздар.
Зерттелуші: 11сынып, барлық оқушы саны-13,қатысқаны-12.

| сынып | Жоғары «10-8»балл | Орта «7-5»балл | Төмен «4-1» балл |
|---|---|---|---|
| 11 «а» класс | 8 | 3 | 1 |
| % | 66,6% | 25% | 8,3% |

Қорытынды аттестатауға оқушыларды психологиялық тараптан дайындау. 11 сынып оқушыларымен балалардың ойлау операцияларын, қиял және зейін ерекшеліктерін, коррекциялау мен дамыту жаттығулары жүргізілді. Оқушыларды қорытынды аттестацияға дайындау барысында стресс, қорқыныш, шаршау сезімдерін басуға тренинг-жаттығу жүргізілді.

Қорытынды аттестатауға дайындық жүргізудің психологиялық аспектілері тақырыбында, оқушы бойында қобалжу, стреске төзімділікті төмендету, қорытынды аттестаттауда мен неден қорқамын, емтихан кезінде стресстен қалай арылуға болады, стресс жағдайынан пайда болған үрейді жеңу, қобалжу қалыпты құбылыс, табысқа қадам тақырыптарында тренинг-жаттығулар түсіндірме жұмыстар, кеңес берілді.

Бұл дайындықта оқушылар тестке қалай тиімді жолдармен дайындалу керек, уақытты үнемді пайдалану, сұрақтарды түсініп оқу, дұрыс тамақтану ережелері мен танысты.Сонымен қатар үрейді жеңудің бір неше жаттығуларын орындауда.Қорытынды аттестатауға психологиялық көмек көрсету жұмыстары жоспарға сәйкес өткізілді.

**«Мен және менің өмірімнің құндылықтары»**
**10-11 сынып оқушыларымен өткізілген әдістеме анықтамасы**

10-11 сынып оқушыларымен «Мен және менің өмірімнің құндылықтары» әдістемесі өткізілді .

**Мақсаты:** Жоғары сынып оқушыларының өмір және өмір жайындағы құндылықтарын анықтау. Өмір құндылықтарының мәнін ашу арқылы өмірінің сипаты мен тірлігі туралы ұғымдарын кеңейту.Өмірден өзіндік орынын өмірлік бағдарын айқындай алуға баулу.

**Қорытынды:** Ағартушылық жұмыс10-11 сынып оқушыларымен өткізілді. Өткізілген жұмыс бойынша барлық оқушылар бойынан өмірге деген оң көзқарас, болашақтарына нақты мақсат, жоспарлар қойылған.Оқушылар өз мүмкіндіктерін қалай және қай жерде қолдана алатынын біледі.Өмірде, сыныпта өз орындарын нақты айқындаған, өз өздерін бағалау адекватты.

Pisa халықаралық зерттеуіне оқушыларды психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында жеке жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Мақсаты: 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру және бағалау. Қатысқан оқушы саны -20.Pisa тапсыратын оқушылардың қызығушылықтарын анықтау мақсатында сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы негізінде «Өз-өзіңе сенімділігіңді арттыр», «Жұлдызды жанбыр» тақырыптарында тренинг-жаттығулары өткізілді. Сонымен қатар ата-аналарға, оқушыларға психологиялық түсіндірме жұмыстары жүргізіліп және кеңестер берілді.

**Аутодиструктивті мінез-құлықтың алдын алу жұмыстары туралы анықтамасы**

Мектеп оқушыларының арасында аутодиструктивті мінез-құлықтың алдын алуға жағдайларын болдырмауға байланысты сынып жетекшілермен бірігіп тиісті іс-шаралар атқарылды. Аутодиструктивті мінез-құлықтың алдын - алу және болдырмау жұмыстары келесі бағыттарда жүргізілді.

1.Диагностикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу.

2. Суицидке қауіпі бар оқушыларды анықтау, суицидтік қауіпі бар балалар тобын және оның айналасын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

3.Сауалнама бойынша сынып жетекшілермен, дәрігер мамандарымен өзара пікірлесу, мектептегі барлық оқушыларды өмірлік құндылықтарды үгіттейтін тәрбиелік жұмыстарға қатыстыру.

4. Алдын алу ретінде сынып жетекшілерімен бірге тәрбиелік іс-шараларды өткізу.Негізгі мақсаты–өмірге көзқарастарын дұрыс бағыттау және сыныптағы психологиялық ахуалын оңтайландыру (педагогтарға арналған эмоционалдық күйдің алдын - алу бойынша сабақтар, психикалық өзіндік реттеу қабілеттерін қалыптастыру, коммуникативтік қабілеттерді арттыру бойынша сабақтар).

5-9 сынып оқушылары арасынан Филлипстің «Оқушылардың мектепте мазасыздануын сипатын зерттеу» тесті алынды. Мақсаты оқушылардың мектеппен байланысты мазасыздануының сипатын зерттеу. 2-4 сынып оқушылар арасынан «Үй адам ағаш» проективті әдістеме алынды. Мақсаты: тұлғаның эмоциялары мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік береді. Алынған проективті әдістеменің қорытындысы негізінде оқушыларды алаңдататын қауіп қатер белгілері байқалмады.

8-сынып оқушылардың жанұядағы психологиялық ахуалын зерттеу «Менің отбасым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Отбасы туралы түсініктерін кеңейту, жанұядағы қарым –қатынасты нығайтуда, әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек деген пікірлер айтылды. Отбасына қатысты бейне баяндар көрсетілді.

5-6 сыныптар арасында «Мен болашақ әлемінде» тақырыпта шығарма жазылып оқушының өмірге деген көзқарасын жақсы жағына қарай бағыттау, өмір құндылықтарын ұғындыру, суицидтік жағдайды болдырмаудың алдын алу мақсатымен жүргізілді. Жазылған шығарма нәтижесі бойынша өмірге деген көз – карасы дұрыс, әр баланың өз алдына қойған мақсаты бар, оған жету жайлы өз ойларын білдірген.

6-10 сынып оқушыларына «Қауіпсіз интернет» тақырыптарында әңгіме қозғалып, аталып отырған мәселе төңірегінде оқушы пікірі тыңдалды. Оқушыларға интернет желісінің пайдасы мен зияны туралы мағлұмат берілді. Балаларда осыған байланысты өз ойларын ортаға салып талқылады.

Оқушылардың өмір сүруге деген құштарлығын анықтау және де қоғамымыздың болашағы екендігін ұғындыру, имандылыққа, отан сүйгіштікке, жат қылықтардан аулақ болуға, өмірді сүйіп қадір қасиетін түсіндіру мақсатында 8-11 сынып оқушыларына «Маған өмір, мен өмірге керекпін» тақырыбында тренинг-жаттығу жүргізілді. Тренингтің мақсаты: өмірге деген бейімділік, табандылық, қарым-қатынаста болуын қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру.

7-11 сынып оқушыларының отбасындағы оқушы мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасын қадағалау мақсатында «Отбасым құндылығым» тақырыбында тренинг-жаттығу жүргізілді.

7-11 сынып оқушыларынан проективті «Есік әдістемесі» алынды. Мақсаты: қиын жағдайға душар болған баланы және де отбасылық зорлық-зомбылықты анықтау. Әдістеме нәтижесінде келеңсіз жағдайларға бейім оқушылар анықталмады. «Мен өмірді тыңдаймын» тақырыбында тренинг-жаттығу,9-11сынып оқушыларымен жүргізілді.Мақсаты:өзін-өзі тану, тұлғалық даму тәсілдерін таба білу,көңіл-күйді және эмоцияны реттеу,

байланыс және өзара әрекеттесу мүмкіндігін қамтамасыз ету.5-11сынып оқушыларымен «Күйзелістен қалай құтылуға болады?»,«Пікірталас-ұрыс емес!»,«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту!»,«Ашу-ызамен не істеу керек?» тақырыбында коррекциялық сабақтар өткізілді. Мұндағы мақсаты: оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру және де агрессивті сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету,жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы амалдарын дамыту,сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлық-зомбылықсыз өзара арақатынас жасау болып табылады. 5-11сынып оқушыларынан қайталама түрде «Темперамент тесті» алынды.

Мақсаты: әр оқушының мінез типін анықтау.

**2023 жылы қыркүйек айы** **2024 жылы сәуір айы**

5-11 сынып оқушыларынан қайталама түрде «Өзін-өзі бағалау» әдістемесі алынды. Мақсаты: : Оқушылардың өзін-өзі бағалауын қалыптастыру мәселелері - оның тұлғасын дамытуды анықтайды.

**2023 жылы қыркүйек айы** **2024 жылы мамыр айы**

**Оқудағы олқылықтарды болдырмау бойынша атқарылған жұмыстары**

2-11 сынып аралығындағы үлгерімі төмен оқушылардың тізімі анықталып, үлгерімі төмен көрсеткіш көрсетіп отырған пәндердің ішінде математика, әдебиеттік оқу, қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиет, химия пәндері бар. Үлгерімі төмен оқушылар санын азайту үшін психологиялық көмек көрсетілді. Тренинг-жаттығулар жүргізіліп, сауалнамалар алынды. Мұндағы мақсатымыз үлгерімі төмен оқушыны болдырмау, сабаққа қызығушылығын ояту, оқушыны жан-жақты тиянақты зерттеп, қабілетін анықтау. Жекелей тапсырмалар беру арқылы тыңғылықты жұмыс жүргізу. Оқушының қиналатын тұстарына көмек беру, тапсырманың орындалуын үнемі тексеру. Оқушылардың ақыл-ой дамуының артта қалмауы үшін, пәнді мезгілінде оқып отыру үшін, үнемі оқушының пәндерді меңгеруін нәтижелерін есепке ала отырып диагностикалауға сынып жетекшілеріне ескертілді. Осы аталған оқушылармен «Жеміс дүкені», «дыбыстық гимнастика», «Сиқырлы дүкен», «менің көңіл-күйім» т.с.с тренинг-жаттығулар, логикалық ойындар, есте сақтау, зейінін дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді. «Тамаша көңіл-күй әлемі!» атты тренинг-жаттығулар жүргізілді. 5-11 сынып оқушыларынан Филлипстің балаларда болатын мазасыздықтың түрін деңгейін зерттеу мақсатында «Мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған» әдістемесі алынды. Оқушылардың көбі психологиялық күйзеліске ұшырамаған, уайымы жоқ оқушылар екендігі анықталды. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке, топтық жұмыстар атқарылды. Сынып жетекшілерге оқушылардың көңіл-күйлерін үнемі бақылауға, сабаққа дайындығын, қатысуын қадағалауға, тіл дамытуға ( мақал. жұмбақ, жаңылпаш), логикалық тапсырмалар беру, сурет бойынша есеп шығару, тест тапсырмалардың жеңіл түрлерін беру, дәптермен жұмыс, ауызша есептер шығаруға кеңес берілді. 1-4 сынып оқушыларына «Балалардың ойлау операцияларын, қиял және зейін ерекшеліктерін коррекциялау мен дамыту» жаттығулары жүргізілді. «Бір нәрсенің суретін

сал» әдістемесі алынды. Мақсаты: бала қиялының ерекшеліктерін зерттеу.Оқушылардың қиялы орташа деңгейде екендігі анықталды.

**Мектеп мұғалімдерімен психологиялық**
**қолдау бойын өткізілген жұмыстар**

Диагностика бағыты бойынша мектеп мұғалімдерінен "Жас маман" сауалнамасы, "Қақтығыс жағдайларында мен өзімді қалай ұстаймын, қандай стратегияны таңдаймын?»тесті алынды.

Түзету - дамыту бағытында психологиялық тренинг элементтері бар сабақтар:«Жас келсе, іске», «Педагогтың эмоциялық тұрақтылығы» , «Жақсы көңіл-күй»,«Бала-біздің болашағымыз», «Мотивация-инновация» «Жүйкеден –психикалық күшті түсіру тәсілдері»релаксация жаттығулары өткізілді.

Ағартушылық бағыты бойынша "Жаңартылған білім жағдайында бастауыш сынып оқушыларын психологияқ-педагогикалық сүйемелдеу аспектілері",«Мектептегі буллинг»,«Жасөспірім суицидінің алдын-алу: жасөспірімге депрессиядан,абыржулық және психологиялық жарақаттан шығуға қалай көмектесуге болады?» тақырыптарында өткізілді.

**Мектеп ата-аналарын психологиялық қолдау бойынша**
**өткізілген жұмыстар**

Диагностика бағыты бойынша ата-аналарға арналған сауалнама (0,1,5 сыныптары),«Балаңыздың кәсіби бағыттылығы жайында не білесіз?» 9 сынып, ҰБТ жайлы не білеміз?11сынып,жағдайы төмен,сәтсіз жанұя,көп балалы отбасы,толық емес отбасыларында тәрбиеленіп жатқан оқушылардың үйлерін аралап , сұхбат жүргізу.

Түзету-дамыту бағыты бойынша бала психологиясына кері әсер ететін сайттар мен қоғамдастықтар жайында білеміз бе? (8-11 сынып ата-аналары), ата-аналарға арналған қарым-қатынас коррекциясын дамыту тренинг элементтері бар жаттығулар, «Сойлемді аяқта...» психологиялық ойын 9-10-11 ата-аналарымен, коррекциялық топтағы оқушылардың ата-аналарымен кездесу, ағарту жұмыстарын жүргізу, кеңес беру, 0-4 сынып ата –аналармен «Бала тәрбиесіндегі ата –ана », кинезиологиялық жаттығулары жүргізілді.

Ағартушылық бағыты бойынша «Отбасы-бақыт мекені»1-11сынып, баланы мектепке даярлау барысында отбасы мен мектептің бірлескен жұмыстары туралы ата-аналарға кеңес беру, «Балаңыздың кәсіби бағыттылығы жайында не білесіз?»9сынып ата-аналарының балаларының кәсіби бағыттылығы туралы,«Жасөспірім суицидінің алдын-алу» 9-10-11 сынып ата-аналары, «Суицидтік әрекеттердің алдын алу»6-7-8сынып ата-аналары,«Баланы теледидар және интернет тәуелділігінен қалай қорғауға болады?» тақырыбында түсіндірме және де дөңгелек үстел өткізілді. Құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында «Әке жолы ізгі жол» тақырыбында психологиялық тренинг-жаттығулар өткізілді. Мақсаты: тал бесіктен бастап үлкен өмірге қадам басқан жас ұрпақтың тәрбие тәліміне әкелердің қосар үлесін нығайту. 9-11сынып оқушыларының ата-аналарына «Емтихан кезінде қолдау көрсету мақсатында өз балаңа сенім арт»тақырыбында психологиялық тренинг-жаттығу жүргізіліп, кеңестер берілді.

**Түзету – дамытушылық жұмыс:**

Осы оқу жылында 1-11сынып оқушыларымен жеке дамыту сабақтары жүргізілді.

Сабақтар баланың есте сақтау қабілетін, көзқарасын, шығармашылық ойлауын, талаптануын, қабылдауын, елестетуін дамытуға, өзін – өзі дұрыс бағалай білуді үйренуге бағытталған. Жұмыстар жеке және топтық жүргізілді.

| № | Топтық түзету жұмыстарының негізгі бағыттары | Қол жеткізген нәтижелер |
|---|---|---|
| 1 | 1сыныптар жаттығулар | Оқушылардың функцияларының дамуына,оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыруға, танымдық және эмоционалдық дамуындағы кемістіктерді түзетуге көмектеседі. |
| 2 | 2 сыныптар жаттығулары | Оқушылардың таным үрдісін дамытуға бағытталады. |
| 3 | 3 сыныптар жаттығулары | Оқушылардың таным үрдісін дамытуға бағытталады. Есте сақтау,зейін үрдісін дамыту, қабылдаумен байқағыштыққа бағытталған. |
| 4 | 4 сыныптар жаттығулар | Оқушылардың таным үрдісін дамытуға бағытталады.Есте сақтау,зейін үрдісін дамыту,қабылдаумен байқағыштыққа бағытталған. |
| 5 | 5 сынып<br>Жаттығулар,тренинг сабақтар «мен 5 сынып оқушысымын» | Бейімделуде қиыншылықтары бар оқушылардың негізгі себебін анықтайды. |
| 6 | 6 сыныптар<br>Жаттығулар , тренинг «достық - ең басты қажеттілік» | Оқушыларды бір–біріне түсіністікпен қарауға үйретеді. |
| 7 | 7 сыныптар<br>Жаттығулар тренинг «Отбасылық қарым катынас» | Отбасылық қарым–қатынаты анықтауға көмектеседі. |
| 8 | 8сыныптар Жаттығулар«Мен өмірді таңдаймын» | Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау. |
| 9 | 9 сыныптар Жаттығулар «Менің болашақ мамандығым» | Мамандық әлемін таныстыру, мәлімет беру,мүмкіндіктерін дұрыс |

| | | |
|---|---|---|
| | | түсініп,кәсіби бағыттылығын анықтауға көмек көрсету. |
| 10 | 10сыныптар Жаттығулар коррекциялық дамыту жұмыстары. | Жоғары буында оқуға психологиялық көмек. |
| 11 | 11сыныптар Мамандық таңдауға,үрейлікті төмендету,қорытынды аттестаттауға психологиялық тұрғыдан дайындау бойынша тренингтік сабақтар | Қиын жағдайларда өз–өзін ұстау, тез шешім қабылдау, эмоционалдық күйі тұрақты болуға жағдай туғызады. |
| 12 | Ата–аналар жиналысында тренингтік жаттығулар жүргізу | Ата–аналардың өз баласына қарым –қатынасымен көзқарасы жақсы жағынан қалыптасады. |
| 13 | Жас мамандармен және мектеп ұжымымен тренингтік жаттығулар | Жас мамандарға көмек көрсету және ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру. |

**Психологиялық кеңес беру**

Кеңес беру жұмысы екі бағытта жүзеге асты:

- Жеке кеңестер;
- Топтық кеңестер.

Жыл бойы кеңес беру жұмыстары келесі бағытта іске асты:

- Бейімделудің алдын алу мақсатымен 1,5,10 сыныптардың ата –аналарымен, сынып жетекшілерімен және оқушылармен;
- Диагностика нәтижелерін ескере отырып кәсіби қызығушылығы сұрақтары бойынша 9- 11 сынып оқушыларына және ата –аналарына;
- Бірінші сыныпқа келетін оқушылардың ата –аналарымен, баласының мектепке дайындығы бойынша кеңестер;
- Өздігінен сұраныс жасаған оқушылармен;
- Мұғалімдердің және ата –аналардың сұранысы бойынша;

Кеңес беру үрдісі екі кезеңнен тұрады:

А) Алғашқы кеңес беру – бұл кезеңде кеңес алушы жөнінде негізгі мәліметтер жиналып сұраныс анықталады.

Б) қайталап кеңес өткізу кезеңі – диагностикалық әдістемелер арқылы қосымша мағлұматтар алу, проблема бойынша жұмыс жоспарын анықтап, сонымен қатар ата – анаға баламен қарым – қатынас ерекшелігі бойынша кеңес беріледі;

Негізгі кеңес алушылар жасөспірімдер болғандықтан, сұраныстардың көбі өзара қарым –қатынас ерекшеліктері жайлы болды.

Жалпы берілген кеңестер төменде көрсетілген проблемалар бойынша топталды:

1. Құрдастармен қарым –қатынас қиыншылықтары
2. Отбасылық қиындықтар

3. Жеке қиындықтар
4. Эмоционалды – тәртіптік қиындықтар
5. Ата –ана бала қарым –қатынасындағы қиындықтар
6. Кәсіби бағдарлы қиындықтар
7. Оқуға байланысты қиындықтар
8. Топтық диагностика нәтижесі бойынша кеңестер

Кеңес беру барысында келесі мәліметтер қарастырылды:

1. Сұранысты анықтау,түсіндіру
2. Ата –анаға, ұстаздарға, оқушыларға тәрбие бойынша, ауытқушылықтарды жою мақсатымен кеңестер беру
3. Сұраныс бойынша жұмыс жоспарын құру

2023-2024 оқу жылында өткізілген кеңес беру жұмыстарының барлығы журналға толтырылды.

Қорытынды:

1. 1 класс оқушыларының даму деңгейі туралы сынып жетекшілер тарапынан, психологиялық қызмет тарапынан жұмыстар жүргізіліп, сынып жетекшілерге, жеке ата-аналарға ұсыныстар берілді.
2. Мектеп бойынша ПМПК тізіміндегі балалармен әр апта сайын жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.
3. 5-класс оқушылары мектеп жағдайына жақсы бейімделіп, жеке тұлғалық, интеллектуалдық даму деңгейлері бойынша жақсы нәтиже көрсетіп отыр. Бейімделу кезеңінің әлі де бейімделу үстіндегі оқушыларға жүргізілген әрбір әдістемені талдап, анықталған нәтиже бойынша қорытынды беріліп, ұсыныстар бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Осы жүргізілген психологиялық зерттеу нәтижесімен класс жетекшілер мен ата-аналарға таныстырылып, ұсыныстар берілді.
4. 9-11 класс оқушыларымен кәсіптік бағыт-бағдар бойынша психологиялық тренингтер, сауалнамалар, тест жұмыстары алынып нәтижелері шығарылды.
5. Қорыта келе, жүргізілген жұмыстар бойынша жоспарға сай жүзеге асып келді. Жүргізілген жұмыстар уақытында қорытындыланып, таныстырылып отырылды.

**Өткен оқу жылына талдау жасай келе 2024-2025 оқу жылына төмендегідей міндеттемелер алынады:**

Мектептегі психологиялық қызмет жұмысын қорытындылай келе психологтың этикалық кодексін, концепциясын толықтай ұстана отырып педагогикалық үрдіске психологиялық қолдау көрсету, бекітілген жылдық жоспар негізінде орындалды.

Оқушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге психологиялық қолдау бекітілген жоспар бойынша толықтай жұмыс жасау.

-Оқушылармен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жеке тұлға қызығушылығын арттыру және оның дамуындағы әртүрлі қиыншылықтарды түзету.

- Мұғалімдермен бірлесе отырып, оқушылардың қызығушылықтары мен танымдық әрекеттерін анықтау.
- Ата-аналарымен бірлесе отырып, оқушылардың бойындағы жағымсыз қылықтарды анықтап, болдырмау.

Мектеп психологы: Г.Ахметова